

Ж. Аупбаев

---

**Оққа  
тосылған  
отжүрек**

АЛМАТЫ «ҚАЗАҚСТАН» 1985

63.3(2)722.78

A 91

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӘДЕБИЕТ  
БАС РЕДАКЦИЯСЫ

Рецензенті Ж. Дәуренбеков

**Аупбаев Жанболат.**

**A 91** Оққа тосылған отжүрек.— Алматы: Қазақстан  
1985—108 бет.

Ұлы Отан соғысы елге де, ерге де үлкен сын болғаны әркімге аян. Міне осындай сұрапыл соғыстың, бүкілхалықтық ерлік күрестің қаһарман мандарын жазу, оны дәріптеп жас ұрпаққа үлгі-өнеге етудің маңызы зор. Журналист Ж. Аупбаев бұл кітабында осыны алдына негізгі мақсат етіп қойған.

Автор А. Матросовтың ерлігін қайталап тірі қалған жауынгер С. Оразалинов жайлы, Қажымұқан жинаған қаржыға жасалған самолеттің ұшқышы Қ. Шалабаев, соғыстан кейін көп жылдан соң өзін Совет Одағының Батыры деген құрметті атақ іздеп келіп тапқан Мұғалім З. Құсанов және басқа да бірқатар патриоттар жайлы деректер жинап, олардың өмір жолын, ерлік жолын әңгімелейді.

63.3(2)722.78

A 0505030202—08  
401(05)—85 41—85

© «Қазақстан» баспасы, 1985

## ӘЛЕМДІ ТАҢДАНДЫРҒАН ПАРАД

— Келесі аялдама — Карл Маркс проспектісі. Ол жерден сіздер В. И. Лениннің орталық музейіне, сондай-ақ Кремль мен Қызыл алаңға бара аласыздар.

Метро жақтауындағы динамиктен хабарланған мына сөзді естігенде мен барар жерімнің тым таяу қалғанын сездім. Жылжып жүре берген электричка вагоны доңғалағының дыбысына сол сәтте аттай тулаған жүрек дүрсілі қоса қосылғандай еді.

Қызыл алаң!

Ол міне, қазір менің нақ қарсы алдымда тұр. Ұзындығы бес жүз, ені жүз елу метрлік осы бір жер кім-кімге де болмасын таныс, кім-кімге де болмасын етене жақын емес пе?.. Таныс дейтініміз мұндағы Кремль қабырғалары, Спасск мұнарасындағы анау бес жұлдыз, одан әріректегі Съездер сарайы мектептегі «Ана тілі» оқулығын ашқаннан бастап, сондағы суреттен көкейде мықтап қалып қойғаны бар. Ал оның біздің қай-қайсымызға да болмасын етене жақын, жүрекке ыстық болатын себебі мынада дер едік. Мұнда адамзат ақыл-ойының алыбы ұлы көсем дамылдап жатыр. Мұнда Белгісіз солдат қабірі басындағы Мәңгілік от маздауда. Сонымен қатар бұл жерде Кремль куранттарының күңгір-күңгір үнінен бастау алатын уақыт атты ұғым өмір сүруде.

Қызыл алаң!

Ол жайындағы ойды айту, баяндау оңай әрі қиын. Оңай болатын себебі — бәрі де таныс көріністер, оған ештеңе қоса алмайсың. Қиындығы — оның тарихының тым әріде жатқандығында. Басқаны былай қойғанда соңғы жүз, жүз елу жыл көлемінде қанша өзгеріс, жаңалықтар болды мұнда. Түрлі сипаттағы халық толқулары, қаланы жайлаған өрт, Октябрьдің елең-алаң

шағындағы дүбірлі күндер, мұнара басындағы самұрық құс бейнесінің сырғып түсіп, оның орнына бес жұлдыздың шұғыла шашуы... Солардың бәрін де көрген, солардың бәріне де куәгер болған, міне, осы алаң.

...ГУМ жақтағы жиек жолда тұрған мен алғашқы сәтте осыны ойладым. Ойладым да төңірекке қайырып көз салдым. Ноябрьдегі астана аспаны. Ол бұлыңғыр. Сіркірей жауған жаңбыр тамшылары жерге төселген тастарды жуып жатыр. Москва өзені жақтан соққа ызығарық та жоқ емес. Өкпек жел Кремль іргесінде балапан шыршаларды бойлай ұйтқып өтеді. Бірақ артылы-берлі ағылған жұрт ауа райының мынау мазасы кейпін тіптен елең қылмайтындай. Алаң төрінде жігіт қозғалыс, тіршілік тынысы бірден көзге ұрып тұр.

Мен тағы да ойға шомдым. Қызыл алаңда өткеннен көлеңкесі елес бере бастады. Қасымда біреу көзге көрінбей тұрып алып, тарихтың аса қалың кітабының беттерін дыбысын шығармай үнсіз парактап отырғанда сияқты.

Көз алдыма ең алдымен келгені — Дмитрий Донской сарбаздары болды. Бұдан алты жүз жыл бұрын олар Мамай әскерлеріне соққы беру үшін нақ осы алаңға жиналып, жорыққа анау Василий Блаженный соборы тұрған жерден аттанған болатын. Одан кейін... и одан кейін осыдан үш ғасыр бұрынғы Минин мен Пожарскийдің айбалта мен найзаға сүйенген қауға сақал жасақтары елес берді. Халық арасынан шыққан көшпешешеннің осы жерде айтылған жалынды сөзінен куәгер алған Москва ұсталары мен қару-жарақ соғушылар сонда жасанып келген жауды ішке кіргізбей, Кремль іргесінен түре қуып айдап шыққан болатын.

Қызыл алаңға ойлана қарап тұрғанда сіз мына бір жайды айқын түсінесіз, сезесіз. Ол — байырғы әзірге қазіргі осы бір қасиетті аймақтың халықтың мәңгіл жасайтын күшінің куәсі екендігі. Өйткені бұл жерде өткендегі тарих пен бүгінгі күн көзге көрінбей, іштей тынысып тұр.

...Октябрьдің ұлы дүбірі... Құлаққа революциялық тұңғыш парадтың үні жаңғырығып жеткендей ме, қалай?.. Ал, жанарда... бәрімізге таныс тағы бір сурет. Онда 1919 жылдың 7 ноябріндегі Қызыл алаңның үстінен ұшқан тұңғыш совет самолетіне Владимир Ильич Ленин күлімдей қарап, оны көз қиығымен алысқа ұзартып салып тұр.

Қызыл алаң жас Совет республикасының алғашқы жеңістеріне, бақытты сәттеріне де куә. Оған мына бір мысалды келтірсек те жеткілікті. 1920 жылғы 7 ноябрь. Ұлы Октябрь социалистік революциясының 3 жылдық мерекесі елімізді шетел интервенттерінен тазартып қуып шығуымен тұспа-тұс келді. Москвадағы сол күнгі парадқа қатысуға азамат соғысында қаһармандықтың қайталанбас үлгісін көрсеткен жұмысшы және шаруа армиясының таңдаулы жауынгерлері келген болатын. Олардың арасында Кавказ майданындағы әскери қимылдарда көрсеткен ерлігі үшін Серго Орджоникидзенің өз қолынан жауынгерлік Қызыл Ту орденін алған және Грузия астанасы Тбилисиді ақ гвардияшылардан азат ету жолындағы еңбегіне орай революциялық қару — маузерге аты жазылып берілген қазақтан шыққан тұңғыш полковник Төлесін Әлиев те бар еді. Қызыл алаңдағы сол жолғы парадта ол тау өлкесінен келген үлгілі атты әскер эскадронын бастап өтті. Тағы бір деректі тірілтіп көрелік. Ол — 1922 жылғы 7 ноябрь. Сейсенбі. Талайдан бері ашылмай тұрған жаңбырлы күздің ауа райы мереке болардан бір күн бұрын күрт өзгеріп сала берген. Астана Ұлы Октябрінің 5 жылдық мерекесін тойлауға жиналған қала еңбеккерлерін, шетелдік жұмысшылар делегациясы өкілдерін өзінің асқақ та айбынды көркімен қарсы алды. Еңбекші қауым толқынының алдыңғы сапында Қ. Цеткин, М. Кашен, С. Катаяма, В. Ульбрихт, Л. Лонго сияқты ІІІ Коминтерннің Москвадағы ІV конгресіне қатысушы халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткерлері келе жатты. Қызыл алаңда осы мерекедегі халық легін реттеп жіберіп тұру үшін сапқа тізілген, су жаңа қызыл әскер формасын киген Кремль курсанттарын бірден байқауға болатын. Олардың арасында көсеміміз В. И. Лениннің күзетшісі болған, ал дәл сол күнгі шеруге курсант ретінде қатысқан қазақ жігіті Әли Сәрсенбиннің болуы да біз үшін үлкен қуаныш.

Демонстрацияға келген жұмысшылар Қызыл алаңнан бейбіт еңбектің көрінісін бейнелейтін тоқыма станоктарын, баспа машиналарын, мұржасынан кәдуілгі түтіні будақтаған паровоз макеттерін алып өтуде.

...Күн кешкіріп, іңір қараңғылығы қоюлана бастады. Кремль сақшыларының ауысқанына да біраз уақыт

болған. Бірақ, алаң жиегіндегі жұрт көбеймесе а  
емес. Әлденені күтіп тұрған олардың бұл жүріс  
сырын біз көп кешікпей түсінгендей де болдық. С  
сек, бұлар биылғы 7 ноябрьдегі өткізілетін әскери  
радтағы Москва гарнизоны жауынгерлерінің к  
дайындығын тамашалауға жиналғандар екен.

В. И. Лениннің Орталық музейі жақтағы көш  
айбынды колонна жылжып келеді. Жаңбырлы түн  
неон шамдардың жарығында ондағы жаяу әскерлер  
тары ерекше сұсты. Одан кейінгі теңізшілер мен де  
бөлімшелерінің сапы да жұтынып тұр. Әріректе қу  
ракеталары бар машиналар мен танктердің сұлб  
қарауытып көрінеді.

— Бұл бүгінгі көрініс,— деймін мен ішімнен күбір  
сөйлеп: — Ал осыдан қырық жыл бұрын ше?.. Қы  
алаң онда қандай еді?

Ол кез біздің еліміз үшін аса бір қиын уақыт бо  
ны анық. Қасиетті Отанымызға опасыздықпен шаб  
жасаған гитлерлік басқыншылар Москва ірге  
түбінде тұрды. Бірақ соған қарамастан ұлы жеңіст  
әр уақытта да дем беруші Лениндік партияның О  
лық Комитеті қиын-қыстау сәттің өзінде халық сез  
оятар батыл да жігерлі шешім қабылдай білді. О  
Ұлы Октябрьдің 24 жылдығы мерекесін ұмыт қал  
май атап өтіп, Қызыл алаңда әдеттегідей әскери па  
өткізу жөніндегі ұсыныс еді.

Октябрь мерекесіне арналған салтанаттың алға  
бөлігі 6 ноябрьдің кешінде Москвадағы «Маяков  
алаңы» метросында өтті. Мрамор қабырғалы стан  
Сұр металмен қиюланған колонналар күңгірт жы  
райды. Метро іші тып-тыныш. Адамдарда үн жоқ.  
Октябрьдің 24 жылдығына арналған мәжіліс жігерл  
ширақ екпінмен өтті. Ондағы үкімет басшылары  
жасаған баяндамаларында айтылған ой кезінде бі  
халқымызды рухтандырғанын жақсы білеміз.  
кездегі еліміздің қиын жағдайы туралы шын  
ты партия халыққа жасырмай айтты. Жауға қарсы  
қын күрес жүргізу туралы үндеу миллиондардың  
регінен қолдау тапты. Сол күні түнде совет ұшқы  
ры Ұлы Октябрь мерекесіне арналған Москва  
мәжіліс жайлы хабар жарияланған газеттерді ма  
шебінің арғы бетіне апарып тастады. Оккупация  
қараңғы қапасында уақытша қалып қойған с

адамдары одан гитлершілердің хабарының өтірік, Москва қамалының берік екенін оқып білді.

Ал, сол күннің ертеңіндегі 7 ноябрьде Қызыл алаңдағы тарихи парад басталды.

...Мавзолей мінбесінде адамдар көп емес. Өйткені Саяси Бюро мүшелерінің біразы майданда немесе тылда айрықша жауапты тапсырмалар атқарып жүр. Әдетте Мавзолейдің оң қанатынан орын алатын әскербасылар қатары да сирек. Олар да майдан шептерінде.

Алаң толы әскерлер. Барлығының киіміндегі айырма белгілерінің түсі бірдей — сұрғылт түсті. Роталар мен батальондар қатары қозғалыссыз, тік төртбұрыштана сап түзеп тұр. Ұлпа қар жауынгерлердің тұмақтарына, иықтарына қонақтап, сұр шинельдерді лезде ақ түске көмуде. Қар ұшқындарын қағып, үстерінен түсіріп жатқан да ешкім жоқ. Анда-санда соғып өткен өткір жел айналаны қар боранына көміп, мылтықтағы найза ұштарына ұсақ қиыршықтар қонақтатады.

Қызыл алаңда ұйыған тыныштық... Міне, Спасск мұнарасының сағаты дабылдата сегіз рет қоңырау соқты. Салтанатты сәт басталды.

Кремль қақпасынан атқа мінген Семен Михайлович Буденный көрінді. Оған қарсы Москва әскери округының қолбасшысы генерал-лейтенант П. А. Артемьев келеді. Ол маршалға рапорт берді де екеуі әскерлерді аралап шықты.

Әдетте парадты қабылдаушы адам ондағы тұрған әскерлер мен халыққа арнап сөз сөйлейтін. Бірақ бұл жолы олай болмады, микрофонға Жоғары Бас қолбасшының өзі жақындады.

Партияның Орталық Комитеті мен Совет үкіметінің атынан сөйлеген И. В. Сталиннің сөз бастауының өзі ерекше болды. Ол оның 1941 жылдың 3 июльдегі белгілі сөзін еске түсірді. «Аға-інілер мен апа-қарындастар..., сөзімді сендерге арнаймын, достар» деген сөйлемнің өзі-ақ жұртты дүр сілкіндірді. «...Достар» деген қысқа лебіздің өзінде қандай қуатты күш жатыр еді десеңізші... Бұл сөз адамдарды бір-бірімен бұрынғыдан да бетер жақындастыра түскендей болды, көптеген жылдар бойы осы сөз керек болып келгендей еді!

Жоғары Бас қолбасшының толқуы анық сезіліп тұрды. «...Жау Москва мен Ленинград қақпасының алдында тұр»,— деді ол сонда. Қатал шындықты әркім біле тұрса да, алаңдағы адамдардың бәрі сол сәтте

селк ете түскендей болды. Сөз әрі қарай жалғаса  
«Біздің неміс басқыншыларын жеңе алатынымызға  
не жеңуге тиіс екенімізге күмәндануға бола ма?»—  
сұрады үкімет басшысы. Сол кезде әркім өзіме  
ақылдасқандай: «Бұған күмәндануға бола ма?» — д  
сұрақты өзіне қайыра қойып жатты. «Жоқ, бұған  
мәндануға болмайды. Қандай қиын болса да біз жа  
талқандаймыз», — деді ол. Сөйтті де ол өз сө  
аяғын: «Неміс оккупанттарына өлім келсін!» —  
аяқтады.

Бұл сөздің кезінде кімге қалай әсер еткенін к  
көз алдымызға елестетер болсақ, онда одан мынаны  
қар едік. Ол Қызыл алаңдағы осы сөз халық жүре  
берік сенім орнатты, біздің қарсыласу күшіміздің  
һарына енді мініп, нығайып келе жатқанын көрс  
Сондықтан да әскери парадтың маршы ойнаған к  
мынау жердің өзі де көшіп, фашист басқыншылар  
қарсы қоса аттанғандай болды.

Парадты Москва қаласы халық еріктілерінің жа  
шылары бастады. Оркестр жігерлі маршты ойнап  
ған кезде алаңнан атты әскерлер тізбектеліп өтті. А  
дықтарын қарш-қарш шайнаған арғымақтардың  
ғынан бораған қар ұшқындары, үзенгі шылдыры, ау  
үнсіз тілген найзалар, тізгінді қымтай ұстап ер үст  
үнсіз келе жатқан жауынгерлерге ерекше айбар бер  
дей.

Тарих бізге мынадай деректер айтады. Ол —  
жылғы 7 ноябрьдегі осы парадқа қазақстанды  
Василий Клочков пен қазақ ұландары — Көлбай Т  
пов, Хасен Мамытовтардың қатысқандығы. Олар  
тағдырларына қарап отырсақ, Батыс майданынд  
алғы шептен 4 сағатқа шақырылып алынған поли  
Василий Клочков парадтан кейін 9 күн өткен со  
панфиловшымен бірге Дубосеково разъезінде қаза  
бады. Артиллерист Көлбай Түсіпов жауды Москва  
түре қуғаннан бастап Берлинге дейін барады да,  
Отан соғысын «Катюша» батареясының коман  
дәрежесінде аяқтайды. Ал, жаяу әскер Хасен Мам  
болса Совет Одағының Батыры болып елге қайт  
Теміртау Магниткасының құрылысын салысады.  
қызығы, оның кенже ұлы Батыр Мамытов бейбіт  
дегі өзінің әскерлік борышын өтеп жүріп, Қызыл а  
дағы 1972 жылдың 7 ноябріндегі мерекелік 100-пара



қатысады. Бірақ біз сөз етіп отырған Отан солдаттары ол кезде мұны тіптен білмеуші еді.

Кремль куранттары таңғы сағат тоғызды соққанда алаңнан артиллерия бөлімшелері өтіп бара жатқан еді. Оның артынан танк колонналары жылжып келеді. Олардың саны 200! Бұл темір тонды техникалар нақ осы қалпымен Москва іргесінде жүріп жатқан шайқастарға барып кірмекші.

1941 жылдың 7 ноябрінде өткен осы парад барша әлемді таң қалдырмай қойған жоқ. Лондондағы «Ньюс-хроникл»: «Қала іргесінде қантөгіс ұрыстар жүріп жатқан шақта Москвада дәстүрлі парадтың ұйымдастырылуы ерлік пен қаһармандықтың тамаша үлгісі болып табылады», — деп жазды. Ағылшынның тағы бір газеті «Дейли мейл» парадты: «Соғыстың өн бойындағы ерлік пен сенімнің тамаша көрінісі» — деп атады.

Сол тарихи оқиғаға да қырық жыл толған екен-ау! Одан бері қанша күз, қанша жаз көшті жер бетінен. Бұл уақыт аралығында совет адамдарының қаншама ұрпағы келді дүниеге. Жүрек жарарлық қаншама қуанышты сәттер болды елімізде. 1945 жылдың 9 майындағы Жеңіс салюті, 1961 жылдың апрелінде ғарышқа самғаған әлемдегі алғашқы космонавт — совет азаматын қарсы алу, СССР-дің құрылуының 50 жылдық мерекесі, Ұлы Октябрьдің 60 жылдық торқалы тойы, Съездер сарайында күні кеше ғана өткен КПСС XXVI съезі... Міне, соның бәріне де куә — осы Қызыл алаң.

Ноябрьдің жаңбырлы түніндегі астана аспаны астында тұрған мен ең соңында осыны ойладым.

*1981 жыл.*

## КЕШІГІП ЖЕТКЕН ДАҢҚ

Қашан, қанша уақыт ес-түссіз жатқанын білмейді. Білетіні — түн іші, көрдей қараңғылық тұмшалаған сол түн ішінде мұның миы аузына түсердей боп ауырып, ерні кеберси шөлдеп жатқаны. Одан арғысы есінде жоқ. Бұлдыр бір дүние... Өзіне-өзі келе алмаған меңзең халде жатып талықсып кеткен.

...Бұл жолы ол бетіне бүркі жауған жаңбыр тамшыларынан есін жиды. Төңіректі сол баяғы қою қараңғылық әлі тұмшалап тұр. Санасында әлсіз сәуле жарқ ете түсті ме қалай, ең алдымен аяғын қарманды. Содан соң оң қолымен жүрек тұсын сипап өткен. Жандамба-

салап жасаған осы қимылдан кейін: «Мен тірі еке  
ғой»,— деді ішінен.

Иә, ол тірі еді.

...Таң алдында өзіне-өзі тағы бір рет келгендей бо  
Байқағаны — түн түнегі сырылып барады екен. Ж  
бозамық сәулелер көбейе түсіпті.

Мен қайда жатырмын?

Есін үшінші рет жиғанда барып оның ойына  
осы сұрақ оралды. Оралған бетте орнынан тұруға  
кеткенген. Бірақ жанына батқан аурудан сол мезетт  
жерге қайтадан құлап түсті.

Ол жаралы болатын.

\* \* \*

...Прохоровка!

Курскідегі Прохоровка бұл. Орыс жерінің өзге  
мекендерінен ешбір айырмашылығы жоқ осы дер  
1943 жылдың июль айындағы ұлы шайқаста екі ж  
да ауадай қажет отты нүктеге айналды. «Оны қ  
қажет, оған жауды жібермеу керек!» Полк штаб  
келген бұйрықтар осылай дегенімен біздің әске  
мұнда фашистермен итжығыс түсіп жатты. Шайқа  
үшінші күніндегі түс мезгілінде сержант Зиямат И  
нов басқаратын взводқа батальон командирі мын  
нұсқау берді.

— Біз шегінеміз, жауынгерлер күш жинап, з  
бекініске орналасқанша сендер жаудың жолын б  
тұруларың керек. Кешке дейін шыдасандар онда  
сырма орындалды деп білеміз.

Бәрі де түсінікті. Бұл негізгі күшті қиын жағда  
құтқару үшін істелетін әскери тәсіл. Соғыс заңы с  
дай. Оны Зиямат бұрын да Смоленск мен Витеб  
бір емес, бірнеше рет көрген. «Қазір де солай б  
тиіс,— деп ойлады сержант ішінен.— Басқаша б  
мүмкін емес». Сөйтті де жаңағы бұйрықты әдеттегі  
тапсырманың бірі сияқты өте бір салқынқандылы  
қарсы алды.

Шайқас қалай болды? Бұлар оған қалай шыд  
Осы бір сұрақты оған кейін көп адамдардың қой  
бар. Оны естігенде Зиямат тұнжырап кететін. К  
болушы еді. Негізгі күш шегінгеннен кейінгі үш  
тып-тыныш өтті. Содан соң... иә, содан соң нағыз  
мет пен азап күн ұясына қона бере басталды. Алға  
шабуылда он екі адам бірігіп үш танкіні жаус

Оларды қалқалап келе жатқан төрт мотоцикл көпірден ұшып кеткен. Артынан дәл осындай жағдай тағы бір рет қайталанды. Бұл жолы олар көпірдің кіре берісіндегі кептеліп қалған самоходканы кері сүйреп әкетуге тырысқан танкіні тырапай астырды да, өткел іздеп безектеген мотоциклистерді қуалай оқ жаудырды.

— Енді қорқыныш жоқ,— деп ойлаған Зиямат жаңағы екі шабуылдан кейін:— фашистер бергі бетке өтер жолды өз танкілерімен өздері бөгеді. Егер оған тағы да ұмтылып, қираған техникаларын кері сүйрепек болса, онда көпірді мүлдем істен шығару керек.

Өзіне-өзі іштей осылай деген ол түс әлетінде шегініп кеткен негізгі күшті ойлады. Үш сағат тыныш өтті. Екі сағат ұрыс болды. Сонда бұлардың осы жерде отырғанына бес сағат. Мұның өзі біраз уақыт-ау. Батальон ендігі ұзап барып, жаңа шепке орналасқан да шығар.

Осы сәтте күтпеген оқиға болды. Бұлардан жүз елу қадамдай жердегі зеңбірек тобы жақтан биіктігі төрт-бес метрдей сұмдық алапат шаң-топырақ мұнарасы көтерілді де артынша жер төсін ойып жіберердей гүрсеткен дыбыс естілді. Байланысшы солдат пилоткасын жерге атып ұрды.

— Бітті,— деді ол. — Жау оғы снаряд толы жәшікке тиіп біздің зеңбіректі төңкеріп кетті. Одан ешкім де тірі қалған жоқ енді.

Фашистердің үшінші шабуылын тойтарғанда Зиямат бір нәрсені анық байқап қалды. Ол — немістердің көпірден өтер жолды бөгеп тұрған танктерін екі «Тигрмен» кері сүйреп әкетіп бара жатқандығы еді. Ал төртінші шабуылда біздің окопта небәрі төрт-бес адам ғана қалған болатын.

— Жаяу әскерді бөліп тастау керек!.. Жаяу әскерді! — деп талап етті Зиямат қаруластарына. Олар бергі бетке өтіп кетсе тойтарыс беріп, ұстап тұру қиын...

Оның бұл сөзіне сол қанаттағы бір ғана пулеметшіден басқа ешкім үн қатпады. «Екеу-ақ қалғанымыз ба?» — деді ішінен. Сөйтті де үйінді топырақтан жасалған бөгеттен өтпекке әрекеттеніп жылжыған жау танкісіне қарсы ұмтылды.

— Сержант... Сержантты қараңдар. Танкке беттеп бара жатыр!

Зияматтың өз шебі жақтан естіген ең соңғы сөзі осы болды. «Біздің адамдар бар екен ғой әлі». Содан кейін

оның санасында көк төсіндегі шалқалай туған батальонның кеткеніне сегіз сағат болды-ау бұлдыр бір елес жарқ етті де жоқ болды.

Темір құрсанған жыртқыш пен адамның арасы бес... үш метрдей ғана жер қалды. Гүрс еткен жерде қалып қалды... Будақтаған түтін... Танк үйінді топырақтан түсе бере солқ етіп тұрып қалды.

...Содан бір күн өткен соң Зиямат Құсанов кеткен 78-гвардиялық дивизияның Қызыл Тулы 228-батальонына қарасты үшінші батальоны бұл шепті жақсы білетіндігі үшін қайтадан тартып алды. Олар келгенде позициялар ұйпа-тұйпасы шыққан еді. Танк табанымен мыжынып, қанға иленген топырақтан ештеңені айыру мүмкін емес. Тек өзен жағасындағы қираған бес танк, бір спортер, сегіз мотоцикл мен оларды қалқалап жатып оққа ұшқан он беске жуық фашистің өлігі тұрғандығы уылдағы он екі жауынгердің жаумен қалай арпалысқандығының үнсіз айғақтап тұрды.

Батальон командирі Константин Карпов шайқал алаңындағы ерлік іздерімен толық танысып болған соң сол күннің кешінде полк штабына екі пакет жөнелді. Оның біріншісі — қаза тапқан жауынгерлердің суреттері мен сына жолданған естірту хаттары да, екіншісі батырлықтың Отан наградасына ұсыну жөніндегі полк басқарманына жолдаған өтініш болатын.

Батальондағылар тосқауылға қалдырып кеткен екі жауынгердің бәрі қаза тапты деп ойлады. Олардың біреуі тірі еді.

\* \* \*

Пулеметшілер взводының командирі Зиямат Карповтың есі таң ата кірді. Гранатамен өзі жайратқан «Танк» танкісі шынжыр табанын оның басына тірейін деп тапты. Шайқас алаңын арлы-берлі аралап жүрген неміс солдаттары сержанттың орнынан тұруға әреңгініп жатқан қимылын көріп болат құрсанған траншеяға терге қарай сүйрелей жөнелді.

Ол — тұтқын.

...Лагерьде жүргенде бәрін де еске түсірді. Көзін ашса үш жылғы майдан жолында өлім деген тағдырдың мұның алды-артын үнемі орағытып жүріпті. Сол ескеуі оның есінен ешуақытта кетпек емес. Смоленск түбінде болған ұрыста бір рет ауыр жараланса, к

Курск түбінде сондай жағдай екінші рет қайталанды. Ал неміс лагерінде оның күн сайын өліп-тірілуіне тура келді.

Тұтқындағы біздің жауынгерлерді Батысқа қарай алып жүргенде немістер бұрын бұл біліп көрмеген сұмдықты бастады. Алғашында жолдағы колоннаға еріп жүре алмаған әрбір оныншы адамды атты. Бұл тоғызыншы болып, аман қалып қойды. Келесі жолы әрбір бесінші адамға кезек келген. Ол үшінші болып қалып қойды. Ал, тағы бір жолғы жазалауда әрбір екінші адам оққа байланып жатқанда бұл бірінші болып тұр еді. Ажал оны төртінші рет айналып өткенде жиырма екі жасар жігіттің басындағы көмірдей қара шаштың тең жартысы ағарып шыға келген.

Тұтқын тағдыры деген міне, осы. Мұндағы тіршілік тек үміт пен күдіктен тұрғандай. Оны Зиямат сонау жаз ортасындағы Курск түбінен бергі басталған азапты жолда анық көріп, білді. Өйткені Батысқа қарай қозғалғанда колоннада төрт жүзге жуық адам бар еді. Содан бергі үш жарым айлық қанды жолдың соңғы бекеті Черногорияға иек артқанда ол бұл жерге тірі жеткен жүзге жуық қана жанның сұлбасын көрді. Соның бірі — өзі.

\* \* \*

— Таста, таста деймін оны. Қаш өзің!

Бұл қаша алмады. Қаша алмаған себебі, арыстай овчарканың мойнын мыти ұстаған қос қолы мүлде қарысып қалған еді.

— Қаш!

Дауыс қайта естілгенде тау етегіндегі лагерь жақтан сирена ұлыды. Бұл қарағай дайындаушы тұтқындардың айғай-ұйғайын естіп қалған неміс күзетшілерінің дабылы. Олар мұнда келді дегенше, бәрінің де жарық дүниемен қош айтысқаны. Зиямат осыны ойлағанда итті сүйрей-мүйрей алға ұмтылғанын өзі де сезбей қалды. Бос әурешілік екен, жандалбасалап жасаған жаңағы қимыл-күші оны төрт-бес қадамдай ғана жерге апарды. Содан соң тізесі дірілдей бүгіліп құлап бара жатты.

Жоқ құламапты. Есін жиғанда өзін біреулердің көтеріп келе жатқанын сезді. Ентіге дем алған дыбыстарынан байқады, екі адам. «Бұлар кімдер?» — деп ойлады Зиямат. Сөйтті де қапталдасып келе жатқан жанға көз салды. Қырғыз жігіті Османов!

— Қане, танысалық, — деп қолын ұсынды дем аяқ суытуға отырған сәтте мұны көтеріп келген а жігіт. Сөйтті де өзінің фамилиясын атады.

— Лейтенант Попов.

— Сержант Құсанов.

— Жүктелген тапсырманы батылдықпен орындаңыз. Алғыс жариялаймын.

— Күзетшінің қолын қаруға жеткізбей сүлсізге де рахмет! Әйтпегенде...

Оқиға былай болған еді. Неміс лагеріндегі тұнан кашу операциясы үш ай бойы әзірленді. Ақ шешім кеше түнделетіп жетті. Байланысшының хабарлауынша операция ертең қарағай дайындау алаңына жүзеге аспақшы. Зияматқа жүктелген міндет — берілген сәттен бастап, неміс овчаркасының көзін Сол мезетте дәл өзіндей екінші бір адамдар тобына күзетшілерге лап қояды да, қалған жиырма сегіз тұрғын жан-жаққа бытырай қашады.

...Белгі түс қайта берілді. Елден оқшаулау жерінде танкист басындағы телпегін алып тұрып, үйіне түншыға жөтелгенде бұл күзетші жаққа көз тастады. Овчарка қарғыбауындағы қайысты белдігіне міндетті қыстырған неміс етігінің қонышынан қобызы маңына әлде қасығы ма әйтеуір бірдеңені іздеуге кірісіпті. Түбірі үстіндегі консерві банкасына қарағанда танкист танбақ сыңайы бар. Осы бір сәттің нағыз ыңғайы кезең екенін сезген Зиямат қарағай бұтағын шоғырландырып отырған итке жіберіп кеп қалды. Сәл нәрсенің өзін көретін хайуан оның бұл «әзілін» қалай кешірсін, бірақ иісін отырған иесін етпетінен түсірген бойы арс етіп атылды. Атылған бетте мұны астына алып омақасқанда қалады. Содан соң бой-бой боп айырылған кенеп жеке Балтырдан аққан қан... Ит тамағын қылқындырап қашқан қол... Зияматтың одан кейін есінде қалғаны — күзетшілерді басып қалған тұтқындар тобындағы ақ жігіттің бұған қаш деп айғай салуы еді.

— Сен Сібір өзендеріндегі сал айдаушыларға рахмет айт, — деді күзетшіден тартып алған автомашина бойында жүре тексеріп келе жатқан Попов: — Овчарка тамағында қарысып қалған қолыңды ажыратпай солардан көрген бір әдіс ойға орала кетті.

— Қандай?

— Суық суға бір түсіп, бір шығып жүретін айдаушыларда тырысқақ деген ауру жиі кездеседі.

Ондай кезде әріптестері әлгі адамның жансызданған бұлшық еттерін алақанмен шапалақтап ысқылағанда қарға адым жер жүруге зар болып жатқан жан өз аяғымен қалай жүріп кеткенін байқамай да қалатын. Саған да соны қолдануға тура келді.

— Оны мен тіптен сезгенім жоқ.

...Түн. Тау іші. Тау ішінде көңілдерін үміт пен күдік жайлаған үш адам келеді. Үміті — ажал аузынан аман шыққандықтары да, күдігі — болашақ тағдырларын ойлап мазасызданғандық. Жүрек шіркін сапардың сәтті болуын тілеп дүрсіл қағады. Бірақ.., иә, бірақ түптің түбінде бұлардың ішіндегі екеуіне осы Балкан тауынан топырақ бұйыратынын, ал біреуінің ғана араға көп уақыт салып барып өз Отанына оралатынын әзірше ешқайсысы да білмеуші еді. Содан екі күн өткен соң олар болгар партизандарына келіп қосылды.

\* \* \*

— Тағы да жараланғанмын ба?

— Иә.

— Қашан?

— Осыдан бір жеті бұрын.

— Қайда жатырмын?

— Қорықпаңыз, хауіпсіз жердесіз.

Байқайды, таныс дауыс. Бірақ оған бұрылып қарауға шама жоқ. Өн бойын жайлаған әлсіздіктен болар, көз алдындағы дүние жел шайқаған қайықтай теңселіп тұр. Бұлдыр бір әлем. Содан кейін қайтадан талықсып кетті.

— Мен қайдамын?

Ертеңінде ол сол сұрақты төңірегіндегілерге тағы да қойды.

— Сіз қазір Италиядағы Қарсыласу қозғалысы майданының лагеріндегі госпитальдасыз. Мұнда одақтастар армиясы мен түрлі партизан құрамаларынан жараланған жауынгерлер жинақталған.

Дауыс иесін таныды. Болгар партизан отрядының командирі Боян Михнев.

— Мұнда қалай келдім?

Зияматтың бұл сұрағына деген жауапты Боян оған үш күннен соң айтты. Ол сонда ғана барып бәрін де есіне түсірді.

...«Болгарияның интернационалдық батальоны» құрамында жүрген сегіз ай ішінде бұлар қырыққа жуық

операцияға қатысты. Осы шайқастарда мина командирі Поповтың, пулеметті шайқай арудың командирі Османов пен мұның ерлігі партизан отрядында боп тарап кетті. Әскери өнер, соғыс ісінен мүлде барсыз, тек оккупацияның ауыр кезеңінде ғана қаруына амалсыз қару алған кешегі Варна жұмысшылары мен Пловдив шаруаларынан жасақталған халық шірліктері өздерінің қатарында жүрген үш совет жерлерінің шайқас сайынғы қимылын жүрек қандық деп бағалайтын. Сөйтіп жүргенде бесінші әлде отыз алтыншы тапсырманы орындауында болуы керек, лейтенант Попов оққа ұшты. Ал сәл уақыт өткен соң...

...Фашист минометтерінің таң ала кеуімнен берілетін тық-тық «жөтелі» партизандар бекінген тұлақтай тұтті деуге болады. Содан соң олардың әскерлері бұларға қарай лап қойды. Бірақ, есін ұлгерген халық кекшілдері дұшпанды сәл жақын алып, нөсер оқтың астына бір алып өткен. Таң ала бергі өңешінен от құсқан миномет үнінен кейін партизандардың атыс ұяларының ұйпа-тұйпасы шықты. Ойлаған жау жақындай алмады. Алдыңғы қатар жусап түскенін көріп кейін серпілді.

Түс қайта жаудың үшінші шабуылы басталған. Зияматты партизан отрядының командирі Боян Мөзіне шақырды.

— Оқ-дәрі азайып барады. Енді бір шабуылға төтеп бере алатын сияқтымыз, — деді ол қос жау жаудың атыс шебінен алмай тұрып. Сөйтті де Зиямат бекіністен жүз метрдей жерде төңкеріліп жатқан пулеметтердің станокты пулеметін нұсқады.

— Алғашқы шабуыл кезінде осы пулеметтің атылып барып үні өшкенін байқап қалып едім. Содан соң үнсіз тұр. Сірә, иелері оққа ұшқан болуы керек. Шірлік сәл саябыр тартқан мезетте оны алып келуді Османовке тапсырамын, — деді.

...Қолайлы кезең де келді. Жанындағы жолдан шыққан иек қағып ұлгерген Зиямат окоп жиегіне лықшып көтерілді де етекке қарай домалай жөнелді. Жер шіркін атша тулайды. Бір төбенің шаңын бір тартып қосып желмен жарысқан бейбіт күндердегі балшық шағы болса, мына тұрған жүз метр жерге «е» деп екі-ақ аттап барар еді. Амал қанша, қазір ондай



дай жоқ. Алды-артыңды ажал оғы тіміскілеп жүргенде, бәрі сын.

...Қайтар жолда жау бұларды сезіп қалып арттарынан оқ жаудырды. Зілдей пулеметті бір иығымен демей алға жылжыған Зияматтың екі көзі Османовта. Ернін жымқыра тістеп алған серігі сыр берер емес. Ішектей шұбатылған оқ ленталарын беліне орап алып алға қарай ышқына жылжиды.

Азапты жолдың көбін артта қалдырған қос жауынгер бекініске таяп қалғанда жау минометтерінің хауіпті «жөтелі» қайтадан басталды. «Бұлар тағы да атуға көшті», — деп ойлады Зиямат. Сөйтті де ауадағы ысыра зулаған снаряд үніне құлақ тосты. «Мынау біздікі емес». Оқ нысанаға жетпей түсті. «...Біздікі емес». Асып барып жарылды. «Даусы әлсіз екен, бұл да тимейді». Солай болды. «Бізге ажал алып келе жатқан қайсысы сонда?»...

— Шаң тұманы сейілгенде орындарыңдағы топырақ үйіндісінен басқа ештеңе көре алмадық. Сендерді біз сол сәтте өлді деп ойлаған едік. Өйткені дәл алдарыңа келіп түскен снарядтан ешкімнің де тірі қалуы мүмкін емес болатын. Бірақ шайқас алаңындағы оққа ұшқан партизандарды бір күннен соң жерлеуге барған біздің адамдар сені тауып әкелдік дегенде ішімнен жараланып аласұра айғайлап жатқан менің өзіме ес кіргендей болды. Топырақ үйіндісінің астынан аршып алғанда көзіңді ашыпсың да бүктеліп түсіпсің. Денеңде жан бар екенін партизандар сол қимыл арқылы білген. Османов жоқ. Ол жер қойнында.

— Біз мұнда қалай келдік?

— Халықаралық Қызыл Крест қоғамы 1943 жылдың жазынан бастап Италияның Торренто қаласы маңайынан арнайы госпиталь ашқан болатын, — деді даусы әлсірей шыққан Боян: — Ондағы мақсат Франция, Югославия, Болгария және Италияның өзіндегі фашистік тәртіптен азап шегіп, ауруға ұшыраған жандарға дәрігерлік көмек көрсету. Бұл госпиталь 1944 жылдан бері Қарсыласу майданындағы партизан құрамалары мен одақтастар армиясының жаралыларын да қабылдай бастады. Ел толқуынан іргесі шайқалған Муссолини үкіметі оған бата алмай отыр. Неге дейсің ғой? Біріншіден, мұндағы фашистік диктатураның құлайтын күні таяу, елді мекендердің көп бөлігі қазір халық кекшілдерінің қолында. Екіншіден, Қызыл Крест

қоғамы ешқандай правоға қол сұғып, не оны отырған жоқ. Ол өзінің халықаралық ережесін зылған: «Бақытсыздыққа ұшыраған адамзат ба бірінші болып медициналық көмек көрсету, олар тына, нәсіліне қарамай бірінші болып дәрігерлік қорлыққа алу» ұранымен жұмыс істеуде. Біз қаз осы госпитальдамыз.

Боянның әңгімесінен кейінгі күндер ішінде ойланyp жататын да қоятын болды. Ойланба қайтеді, соғыс басталғалы бергі өмір бұл үшін түсініксіз, тіптен күрделі әрі қиын жағдайда өледі. Олай дейтіні, ел қатарлы әскерге алынды, та деп шайқасқа кірді. Смоленскідегі ұрыста екі қа сын садақаға берді. Запорожье далаларында контузияға ұшырады. Бұдан кейін Донбасс... А. скідегі сойқан шабуылда тағы да ауыр жара Сондағы өліп тірілгенінің бодауына тағдыр ба сый тарты. Ол — тұтқындағы тоғыз айлық азапты еді. Ондай ауыр сәттерде мұның жалтақтап, қор қалмағаны өзіне аян. Бірақ өмірден күдер үзбе тандық, еркіндік үшін шүберекке түйген шыбын мен ажалдың аузын ұрды да, азаттық армиясын қосылды. «Енді бәрі де артта қалды», — деп о сонда ол: «Өмір болса біздің армия Дунайдан д Болгарияға да келіп жетер». Ұшқары пікір-ай... С жауынгер достарыма жақын қалдым ба, жоқ жүргенде тағдырдың оны енді Италиядан бір-а ғарғанын қарасаңшы.

— Не істеу керек?

Байқайды, бұл сұраққа әзірге жауап жоқ.

— Не істеу керек?

Жанын жегідей жеп ойланады, күйзеледі, біра тағы да жауап таба алмайды.

— Не істеймін енді?

Бұл жолы оған тағдырдың өзі көмекке келді.

...1945 жылдың март айы. Шпилінде шетелдік желбіреген шағын жүк кемесі Одесса портына зәкір тастады. Одан ең алдымен трапты тарпы басқан теңізшілер түсті. Содан кейін жүк тасуш мысшылар... Ал ең соңында кеудесіне Қызыл қоғамының белгісі бар медицина қызметінің м бастаған бір топ адам келе жатты. Бұлар екінші жүзілік соғыста неміс тұтқынынан қашып шығып Франция, Югославия, Болгария, Италиядығы па

отрядтары құрамында фашистермен қайта шайқасқан, ақырында халықаралық сарапшы комиссиясының шешімімен елімізге қайтуға жолдама алған совет жауынгерлері болатын. Олардың ішінде Зиямат Құсанов та бар еді.

Отан ақ ниетті, адал жүректі ұлдарын ешқашан да ұмытпайды екен. Апайтөстерін апатқа тосам деп отқа түскен рухы күшті жандарды жат жерде қалдырмады. Іздеп жүріп тауып алды, құшақ жая қарсы алды.

\* \* \*

Арада жиырма сегіз жыл өтті.

— Ағай!

— О не, қарағым?

— Мына мақаланы оқып көріңізші...

Мектептегі соңғы сабағын аяқтап болып, үйіне қайтуға жиналып жатқан қарт ұстаз алдыңғы партадағы қыз бала ұсынған журналды алды да, ондағы көк сиямен белгі соғылған шағын хабарға көз салды.

«Құрметті редакция! — деп басталыпты алғашқы сөйлем. — Мен Болгар Халық Республикасының астанасы София қаласынан хат жолдап отырмын. Біздер, яғни мұндағы бұрынғы партизандар, кейінгі жылдары сіздердегі бір жақсы дәстүрлердің қалыптасқанын қуана құптаймыз. Ол — Ұлы Отан соғысында шайқасқан жауынгерлердің қарулас достарын баспасөз арқылы іздестіріп табысып жататындығы. Осындай хабарларды оқыған соң мен де өзімнің қанды көйлек досымды таба алар ма екенмін деп, Совет Одағында шығатын «Огни Болгарии» журналына мақала жіберіп отырмын.

...Оның аты Зиямат та, фамилиясы Құсанов болатын. 1944 жылдың басында фашист тұтқынынан қашып шыққан совет сержанты біздің партизан отрядына келіп қосылды. Халық кекшілдерінің қатарында өткізген сегіз ай ішінде ол батылдық пен қайсарлықтың тамаша үлгісін көрсетті десек, бұл тіптен артық айтқандық емес. Оған сол кездегі біздің отряд мүшелерінің оны «Болгарияның Халық Батыры» атағына ұсыну жөніндегі шешімінің орталық партизан штабында күні бүгінге дейін сақталып келгені анық дәлел. Туған республикамыздың неміс-фашист басқыншыларынан азат етілуінің жиырма жылдық мерекесі қарсаңында табылған бұл документ сіздер үшін де қуанышты хабар болар деп ойлаймын. Зиямат өз еліне аман жетуге тиіс. Себе-

бі, соңғы рет жараланған кезде ол хауіпсіз жерге кізілген болатын. Сәлеммен, генерал-майор Михнев».

— Генералдың іздеген адамы сіз емессіз бе, «Огни Болгарии» журналын қыса ұстаған қартаз шәкірттерінің жамырай қойған сұрағына бәрі жауап бере алмады. Өйткені ойы он саққа жүгірмей майдангердің санасына осы сәтте: «Боян..., сен менмен сол Боянның өзісің бе?» — деген сөздерге жүйсікпен іздеу сезімі енді-енді оянып келе жатқан еді. Міне сондай жағдайдан кейін, арада біраз уақыт өткеннен барып:

— Иә, балалар, ол менмін, — деді даусы дірілдеген.

— Сіз мұны бұрын неғып айтпағансыз?

— Қалай айтамын?

Көңілі бұзылған қарт ұстаз жаңағы сөзді ішінен айтты. «Қалай айтамын?» — деді ол тағы да ішіндегі сөзін күбірлеп: «Айтқан кезде ел түсінді ме?» Сонымен де соғыстан кейінгі өзі сияқты жандардың өткен өткен өмірін көз алдына елестетті. Бұл В. Г. Белиннің сөзіне сүйенгенде: «...халдің тағдырға уақыт бойсұнған», ал майдангер жазушы Қ. Симоннің пікірінше: «Фашистік тұтқында болған адамдардың бәріне жөн-жосықсыз сенімсіздік туғызған ахуал олардың қайғы-қасіретті проблемасы жөнінде қызық тасқан жалпы көзқарасты бірден өзгерту оңай болған» кез еді.

«Сондағы оқиғаларға несіне ренжимін», — деді қарғарыдағы жайдың бәрін көз алдынан өткізіп берген майдангер: — Бәрі де өтті, кетті. Соны ойлап не осы. Одан да балалардың сұрағына жауап берген. Соғыстағы бастан кешкен жағдайды айтудың енді келіп тұрған жоқ па?!»

...Сол күні кеште Шымкент облысының Сайрауданындағы «Калинин» колхозының орта мектебінің шеткі класс бөлмесінің шамы көпке дейін сөнген. Мектеп терезесінің жанындағы қара жолмен түннен одан қайтқан село тұрғындары бұл неғып әлі бітпеген сабақ деп ойлаған. Бірақ олар сол сәтте мұндағы балалардың сабақ емес, сүйікті ұстазы Зиямат Құсқынның Ұлы Отан соғысындағы күрмеуі көп күрделі жолын таңдана тыңдап отырғанынан, күні ертесі ауылдарына аңыз боп тарар үлкен жаңалықты қазір осы жерден жолдама алып жатқанынан мұқабасыз хабарсыз еді.

«...Табылды! Ол қазір бейбіт еңбектің иесі». (Бұл Қазақстаннан Болгарияға сапар шеккен алғашқы хаттан үзінді).

«Өте қуаныштымыз! Батырды генерал қонаққа шақырады. Оны бізде Отан наградасы күтіп тұр». Ал, мынау Болгариядан Қазақстанға келген хаттың бастапқы сөйлемдері.

...Қызыл ізшілер бір-бірімен осылай хабарласып, екі арадағы достық дәнекерін орната берді. Уақыт өте келе олар көп жайға қанықты да. Өстіп жүргенде тағы да бір кездейсоқ оқиғаның болғаны бар.

...Ұлы Отан соғысы мен Қарсыласу қозғалысының майдандарында үш рет ауыр жараланып «өліп-тірілген» және екі мәрте контузия алған Зиямат Құсановтың денсаулығын бақылап жүрген дәрігерлер оны 1967 жылы мерзімінен бұрын еңбек демалысына шығару жөнінде шешім қабылдады. Мұндай жағдайда қажетті документтер талап етілетіні белгілі. Осы мақсатпен әлеуметтік қамсыздандыру мекемесі Зияматты ең алдымен аудандық әскери комиссариатқа жіберді. Ондағылар: «Біз мұны жалғыз шеше алмаймыз», — деп облысқа сілтеді. Облыс Москваның Подольск қаласындағы СССР Қорғаныс министрлігі архивіне қатынас қағаз жолдады. Міне, қызық! Арада арбаның дөңгелегіндей айналып ай... одан кейін жыл өткенде Москвадан келген хабардан бүкіл ауыл дүрлікті. Олар бұрын өз жерлестерінің кім екенін білмей жүріпті. Зиямат Құсанов — Совет Одағының Батыры болып шықты! Қалай? Бұл сұраққа деген жауапты ол Подольскіге шақыртқанда анық білді.

— Сіздің взвод 1943 жылғы июльде негізгі күшті сақтап қалу үшін үлкен ерлік көрсетіпті, — деді мұнымен мұқият әңгімелескен ақбас генерал: — Біз үшін қуаныштысы, жан алып, жан беріскен сол шайқастағы еңбектеріңіздің ескерусіз қалмағандығы. Оны СССР Қорғаныс министрлігінің архивінен 28 жылдан соң табылып отырған документтер дәлелдейді. Бірақ мұнда «бәрі де қаза тапқан соң беріліп отыр» деп баяндалған. Награданың өз кезінде табыс етілмеуінің бір сыры осында жатыр, жолдас. Қазір анықталып отырғанындай, он екі адамнан тірі қалған тек жалғыз сіз ғана екенсіз. Сондықтан да енді Отан наградасын қабыл алуыңызды өтінеміз!»

Мына сөзді естігенде Зияматқа Прохоров сол бір оқиға, батальон командирі Константин Ктың: «Кешке дейін жауды өзеннен өткізбей ұстаңдар, онда тапсырманың орындалғаны деп біледі деген бұйрығы дәл қазір айтылып тұрғандай. Одан кейін оның көз алдына жаудың жалын қатанкілері мен мотоциклдері, өз взводындағы бастаған пулеметшілер қатары елестеді. «Бізді қаған екенсің, рахмет саған комбат!» — деді жағаннан жас саулаған майдангер сол сәтте қыстыға күрсініп.

...Осы оқиғадан кейін арада төрт жыл өткеннен кейін 1972 жылы Зиямат Құсановтың Болгар Республикасына сапар шегуінің сәті түсті. Онда бұл елдің наградасы салтанатты жағдайда берілді.

\* \* \*

Бұл күндері Шымкент облысындағы Сайрам ауданының «Калинин» колхозында тұратын Қазақ Социалистік Азаматтық Армиясының ағарту ісінің озаты, Совет Одағының Батыр болғанын Болгар Халық Республикасының құрметті азаматы Зиямат Құсанов жайлы әңгімеміздің соңын жеткізгенде баяндалған жайлармен де аяқтауға болар еді, бірақ кейіпкерімізбен жүзбе-жүз әңгімелесіп, оған бірнеше рет хат жазысып, хабарласқаннан кейін біздің кісінің айтқан мына өтінішін аяқсыз қалдырмауымыз жөн көрдік. Соңғы хатында Зиямат аға: «Менің ағам адамдар соғыста хабарсыз кетіп, қалай аман-еселге оралдыңыз, награда сізге неге көп уақыттар берілмей тапсырылмай келген, — деп сұрайды. Мақала жазғанда қалған жағдайда мүмкін болса соғыс заңында берілетін осы жайды жұртшылыққа түсініктірек жеткізіп, оның себеп-салдарын нақты мысалдармен ашып көрсетсеңіздер» — депті. Несі бар, бұл өте қызықты ескертілген тілек, орынды айтылған өтініш деп біз. Сонымен алғашқы сұраққа жауап берелік.

Жазушы Василь Быковтың «Құлпытас» атты романындағы мына бір оқиға естеріңізде ме? Оған Отан соғысының ауыр күндерінде әскери тапсырманы батылдықпен орындаған бөлімше жауынгерлерінің лайығы қаруластары түгел қаза тапты деп ойлайсыз, олардың бастарына белгі тұрғызып, жорық жолында қарай жалғастырып кете береді. Бірақ сол шағ

тірі қалған бір жауынгер араға көп уақыт салып әлгі жерге оралғанда құлпытастағы қаза тапқан жандар тізімінен өз фамилиясын оқып таң-тамаша қалады. Оқырмандар осы арада «Василь Быковтың жазғаны көркем шығарма емес пе?» — деп айтуы әбден мүмкін. Бұлай ойлау заңды десек те, мұнда бір шындықтың бары анық. Себебі, жаңағыдай жағдай қазір өмірдің өзінен де көптеп кездесуде. Мәселен, Сәукен, өзіміздің майдангер жазушымыз Сәуірбек Бақбергеновтың осы таяуда ғана мынадай қызық фактіні айтқаны бар. «Бұл күндері,— дейді жазушы — Холм қаласында сонау кездері ерлікпен шайқасып қаза тапқан 46 жауынгерге арналған ескерткіш бар. Одан сіз Сыйқымбай деген адамның да аты-жөнін кездестіретіңіз анық. Бірақ ол тірі, Жамбыл облысында тұрады. Таңқаларлығы сол, соғыс жылдарының әр кезінде оның семьясына ол өлді деген суық хабарға толы «қара қағаз» бір емес, үш рет келген. Майдангерге бұл жай елге келгенде ғана мәлім болған». Демек соғыста хабарсыз кетіп өмірге қайта оралған, елге аман-есен келген жандар кезінде көп болған. Өзіміз әңгімелеп отырған Зиямат Құсанов та, міне, солардың бірі.

Енді награданың өз уақытында тапсырылмау жағдайына келелік. Алпысыншы жылдардың бас кезінде «Комсомольская правда» газетінде оның арнаулы тілшісі Василий Песковтың «Иван Назаровтың Алтын жұлдызы» деген очеркі жарық көрді. Бұл Зиямат тағдырлас ерлер есімін анықтаудың басы еді. Иван Назаров та кезінде Совет Одағының Батыры атағына ұсынылған. Бірақ оны ол он бес жылдан соң алған. Осы тақырыпты одан әрі дамытар болсақ, бұл күндері біз газет беттерінен ара-тұра болса да «Награда иесін тапты», деген хабарларды ұшыратып қалатынымыз анық. Әлгілерді сәт салып оқығанда бұлардың кезінде Отан солдаттарына тапсырылмай қалған наградалар екенін аңғарар едік. Соның нақты бір мысалы мынау: осы очерк газетке басылуға дайындалып жатқанда редакцияға Семей облысындағы ҚазТАГ тілшісінен «Бұрынғы танкистің екі ордені» деген қызықты хабар келіп түскені бар. Оқиға түсінікті болу үшін мақаланы тұтас келтірелік: «1983 жыл. 16 февраль. Облыс орталығындағы Ленин аудандық әскери комиссариатының өкілі Г. Е. Исаковқа бірден екі орден — Қызыл Жұлдыз және бірінші дәрежелі Отан соғысы ордендерін тап-

сырды. Комсомолец Григорий Исаков армияға жылы шақырылған-ды. Майданда танк командирі болды. Венгрияны азат ету жолындағы шайқас бірінде ол нысананы дәл көздеп, жаяу әскерлерді таны басып алуына көмектесті. Сол кездегі көп қайнармандығы мен ерлігі үшін жауынгер Қызыл Орденомен наградталған болатын. Бірақ оның үлгермеді — ауыр жараланып, госпитальға түскеннен кейін жазылғаннан кейін басқа бөлімге кетті. Майданда иесінен адасып архивке тапсырылды.

Белград ауданында совет әскерлері фашистерге қарсы шабуылына қарсы тойтарыс беріп жатты. Осы кезінде кіші лейтенанты Г. Исаковтың екі жау машинасын жойып жіберген экипажы ерекше көзге түсті. Оған Орденомен наградталды, өкінішке орай бұл Указ кезде ол бөлімде жоқ еді: тағы да жараланып, госпитальға түскен болатын.

Енді міне, арада 40 жыл өткен соң екі награда иесі өз иесін тауып, ол ардагерге салтанатты жағдайда тапсырылды».

Жоғарыдағы мақала мазмұнынан көріп отырғандарыңыздар, мұндай оқиғалардың негізгі себебі — көрсеткен жауынгер награда келген кезде госпитальға немесе басқа бөлімшелерге ауысып кетіп, штабта олар оны өз уақытында таба алмай қалуында. Мұндай жағдайда адамдар награда иелерін таба алмаған соң кейін туған-туысқандарына жібереміз деп архивке жіберілетіндіктен нелтуге мәжбүр болған. Содан ол тізімдер іс қорының арасында басылып қала берген. Награда беру уақытынан кешігіп тапсырылуының басты себебі осында. Зиямат Құсанов та солардың бірі.

198

## МАЙДАННЫҢ БЕРГІ БЕТІНДЕ

Төмендегі әңгімемізді бастамас бұрын біз елден мен мына бір жайға тоқтала кетуді жөн көріп отырмыз. Ол осы мақаланы жазуға кездейсоқ оқиғаның нәтижесі болғандығы. Үстіміздегі жылдың февраль айында Орал облыстық комсомол конференциясына қатысушы делегаттармен бірге қаладағы өлкетану музейіне баруымыз сұққанымыз бар. Бізді ертіп жүрген экскурсовод «Отан соғысы» атты үлкен залға келгенде ондағы